



МЕРЕЙЛІК ШЫҒАРЫЛЫМ

ҒЫЛЫМ. БІЛІМ. ТӘРБИЕ

«Балам» деген ел болмаса, «Елім» деген бала қайдан шығады?

А. Байтұрсынов

Шымкент қаласы білім басқармасының басшысы
Сүлейменова Гүлназ Төрәліқызы

КЕШЕ. БҮГІН. ЕРТЕҢ

**Құрметті әріптестер, білім саласының
ардагерлері, білім алушылар мен
жерлестер!**

Көктемнің соңғы айының жарқын және кейде қайғылы сәттері бәрімізді толқытпай қоймайды. Бірінші Мамыр да, Отан қорғаушылар күні де, әсіресе желдің жаңа екпіні сияқты, Ұлы Жеңіс күні де жалпыхалықтық мереке ретінде қайта оралды!

Қазіргі қиын-қыстау шақта, идеологияның бірден толтыра алмайтын босаңқы кезеңінде, бұл оқиғалар мені қатты қуантады. Өйткені жас ұрпақты, ең алдымен, үлкендердің тәжірибесінен және даңқты ата-бабаларымыздың ерліктерінен тәлім алуға үйрету керек! Бұл патриотизмді де, Отанға деген сүйіспеншілікті де қалыптастырады.

Ел Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың жүргізіп отырған саясаты «Жаңа Қазақстанға» деген сенімді бағытты айқын көрсетеді. Әрине, 9 мамыр – аталарымыз бен бабаларымызға бүгінгі күніміз үшін Еске алу және Құрмет көрсету күні. Ең алдымен, бұл өмір! Сондай-ақ, байтақ еліміздегі бейбіт аспан мен Тәуелсіздік!

Мектеп қабырғасынан әлдеқашан алыстап кетсе де, бойында жылуы бар әрбір парасатты азамат әріп үйретіп, білім теңізіне жетелеген ұстаздары мен балалық шағының талай қызықты күндеріне куә болған алтын ұя - мектебін әрдайым үлкен сағынышпен, құрметпен еске алып отырады.

Бір апта бұрын бүкіл еліміз бойынша мектеп түлектерін жаңа өмірге аттандырдық. Біздің Шымкент қаласы бойынша 11-сыныпты бітірген 15.891 түлек мектептерімен қоштасуда, 9-сыныпты аяқтағандар – 24.264, 4 сыныптан жоғары аттағандар – 27.595 білім алушы.

«Алтын белгіге» үміткерлер саны – 670, «Үздік аттестатқа» ниеттенгендер – 1115 (11 сынып) және 1156 (9 сынып) оқушы.

Барша шымкенттіктерді, ұстаздар қауымы мен білім алушыларды түлек жастарымызды «Үлкен өмірге» сәтті ұшыруымен шын жүректен құттықтаймын!

«Соңғы қоңырау» ешқандай мерекемен тең келмейтін, болашақтың асқар шыңына жетелейтін, қайталанбайтын күн. Олай болса, мұғалім бақыты – шәкірт құрметі. Ұрпақ тәрбиесі – ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз.

Кезекті оқу жылы аяқталып, мектеп табалдырығынан мыңдаған түлек жаңа өмірге аттанғанымен, келесі оқу жылының да алыста емес екендігін ескерген жөн. Осы орайда тек «Ұй - мектеп» тандемінде ғана біз ортақ, маңызды және игі ісімізде елеулі табыстарға жете алатынымызды естен шығармайық!

Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесі дебарша халықтар үшін маңызды мереке. Отанға деген махаббат отбасын сүюден бастау алады.

**Құрметті әріптестер!
Ардақты ата-аналар!**

Қалалық Білім басқармасының басшысы ретінде келесі оқу жылы барысында көптеген міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз етуіміз керек екендігін ескерте келе, олардың ішіндегі бірқатар басымдықтарды атап өткім келеді:

1. Анврр ждъждъждъжд ждъждъждъжо а ъждъждъ



Осы міндеттердің барлығын әр мектеп басшылығы, әрбір педагог өзінің жадында сақтап, жүзеге асыру үшін жұдырықтай жұмылдырылуы тиіс.

Олай болса, баршаңызға осы қиын да қызықты еңбектеріңізді абыроймен атқарады деген сенім білдіре отырып, зор денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй, шығармашылық табыс тілеймін!

Аса құрметпен,
Шымкент қаласы
білім басқармасының басшысы
Сүлейменова Гүлназ Төрәліқызы.

ОСЫ САНДА:

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні
1 маусым – Халықаралық балаларды қорғай күні
Өзбекстан Республикасы ндағы серіктестеріміздің сәлемдемесі
«Үздік ЭССЕ» байқауының қорытындылары шықты
НКАО вас всех высушит!!



ОСЫ САНДА:

ҰСТАЗ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

3 - бетте

3 - бетте

Воспоминания
президента

В мае Президент страны поделился воспоминаниями о своей матери

«Сегодня — День матерей!

В этот день мне хочется поделиться небольшими воспоминаниями о моей маме, Турар Шабарбаевой. Наша семья, в которой было четверо детей, жила скромно. Мама долгое время по определенным причинам не работала — она занималась домашним хозяйством. Единственным кормильцем был отец. Помимо зарплаты, он время от времени получал гонорары за статьи и книги. В такие дни в доме царила настоящая радость», — написал он на своей странице в Instagram*.

По словам президента, несмотря на желание иметь украшения или нарядную одежду, его мать всегда ставила интересы детей и семьи выше собственных желаний. Даже когда появлялась возможность приобрести что-то ценное, она делала выбор в пользу внуков.

Токаев также вспомнил, как именно слова матери помогли ему принять судьбоносное решение — вернуться в Казахстан в начале 1990 годов.

«Никогда не забуду, как в переломный момент моей жизни, совпавший с распадом Советского Союза, она поддержала меня. В те напряженные дни нужно было решить: остаться в Москве и продолжить работу в министерстве иностранных дел России или вернуться домой. Тогда мама сказала: “Если бы отец был жив, он бы сразу сказал тебе служить Казахстану”. Эти слова прозвучали как приказ. Мама, конечно, знала, что некоторые чиновники внезапно разбогатели, но она не уставала повторять, что такая жизнь недолговечна и ни к чему хорошему не приведет. Она сама вела скромную

Астана. КазТАГ — Глава государства Касым-Жомарт Токаев в День матери опубликовал личное воспоминание о своей маме — Турар Шабарбаевой, передает корреспондент агентства.



Источник:
tokayev_online

жизнь, до конца своих дней ограничивая себя во многом. Часто наставляла меня: “Веди себя чисто, не поддавайся соблазнам, чтобы не было стыдно перед людьми”, — рассказал он.

Как подчеркнул Токаев, именно взгляды матери во многом сформировали его мировоззрение.

«Она всегда меня поддерживала. С детства я рос под ее рассказами, наполненными глубоким смыслом, ее размышлениями и взглядами на жизнь. У нее был дар слова,

и, возможно, она чувствовала, что я с интересом ее слушаю — именно это во многом сформировало мой взгляд на мир. Она учила меня быть сдержанным, внимательно смотреть на окружающее, учиться у достойных людей и брать от них только полезное. Часто говорила: “О чем будешь заниматься днем и вечером — думай с утра. Будь собранным, растерянный человек обречен на неудачу”, — вспоминает глава государства.

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Бұл күн 1997 жылы арнайы жарлықпен бекітілген.

Қазақстанда 125 мыңнан астам адам қуғынға ұшырап, 25 мың адам ату жазасына кесілді. Жазықсыз жазаланғандардың қатарында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Тынышбаев, М. Дулатұлы, Т. Рысқұлов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Май-лин, С. Асфендияров сынды қайраткерлер мен ұлт зиялылары бар. Саяси құрбандар лагерьлерге жіберіліп отырды. Қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың әйелдері де Ақмола облысында орналасқан «АЛЖИР» лагерьінде азапталды.

1993 жылы «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы заң қабылданған болатын. Соның нәтижесінде жазықсыз жала жабылғандар ақталды.

Ақтау шаралары әлі де жалғасып келеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев үндеуінде: «Біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсысын есте сақтау арқылы

КҮНТІЗБЕ



ОТКРЫТЫЙ
СПИСОК

Трагедия не только казахского народа

Президент Токаев посетил музей ГУЛАГа

В День памяти жертв политических репрессий и голода президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев посетил Акмолинский Музейно-мемориальный комплекс жертв политических репрессий и тоталитаризма "АЛЖИР". Здесь в 1938–1953 годах отбывали наказание тысячи невинно осужденных женщин – жен "врагов народа". Токаев возложил к мемориалу цветы и почтил память узниц минутой молчания. Президент ознакомился с экспозицией, в которую входят уникальные документы, личные вещи заключенных и архивные материалы.

«Политические репрессии выпали на долю не только казахского народа. В АЛЖИРе находились в заключении представители более 60 этносов. Поэтому все пострадавшие в ту мрачную эпоху народы должны извлечь уроки из той трагедии, которая никогда не должна повториться», — сказал Касым-Жомарт Токаев.

ТҮЛЕКТІҢ АРМАНЫ

ҰСТАЗ және ШӘКІРТ: ғылыми жетекші Молдагулова Гулжан Молдагуловнамен ►

Ұстаз болу — менің арманым

Мамандық таңдау — өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау.

Мамандық таңдау дегеніміз — болашағыңның жарқын болуы үшін алғашқы қадамдардың бірі деп ойлаймын.

Мамандықты таңдау үшін адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Менің жанымға жақын қалаған мамандығым — мұғалім болу.

Шынымды айтсам, мамандық таңдаудан қатты қиналмадым. Себебі ұстаз болу жастайымнан арманым еді. Себебі бала оқыту бұл ұлағатты да ұлы іс. Ол — болашақтың көшбасшыларын тәрбиелейтін тұлға. Ұстаз болу үшін тек кәсіби біліктілік емес, жүректен шығатын сүйіспеншілік пен мейірім қажет. Менің ұстаз болу арманымның негізі балаларға деген махаббаттан, олардың білімге деген құштарлығын арттыруға деген тілектен туындап отыр.

Әкемнен айырылған соң, мен отбасының тірегі болуға тырыстым. Әкемнің орнын ешкім алмастыра алмайтынын түсінсем де, анама қолдау көрсету үшін бауырларыма сабақ үйретіп, оларға тәрбие беруге тырыстым. Бұл менің өміріме жаңа міндеттер мен жауапкершіліктер алып келді. Бірақ ол міндеттер менің бойымдағы ұстаздық мамандығына қызығушылығымнан туындаған да шығар. Бұл қызығушылық маған өмірде дұрыс бағыт пен күш береді. Сол себепті мен де келешекте ұстаз болғым келеді.

Ұстаз болу — бұл үлкен жауапкершілік. Менің ойымша, ұстаздың басты қасиеттері — шыдамдылық, төзімділік, кез келген жағдайда әділ болу. Ұстаздық жол — тек білім берумен шектелмей, ол адамның жүрегіне үміт, сенім және болашаққа деген жарқын көрініс сыйлайды.

Бұл мамандықты таңдаудағы мақсатым — болашақта тек өз бауырларыма ғана бағыт бағдар беріп қана қоймай, басқа да бүлдіршіндерге қуаныш сыйласам, дұрыс бағыт бағдар берсем, ішкі жан дүниесіне құлақ салып, тыңдаушысы, ақылшысы болсам деген ой.

Болашақта мен де өз шәкірттеріме осы жолды көрсетіп, оларға өмірде дұрыс бағыт беретін, жоғары моральдық құндылықтарды меңгерген тұлға болуын қалаймын.



Тұрғынбай Ақерке,

В.Комаров атындағы №7 ЖББМ, 11 «Ә» сынып оқушысы
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Атакент кенті.



Ана деген ардақты

*Ана деген ардақты,
Қиын сәтте қолдаған.
Мейірімімен үн қатқан,
Тас жүректі жібіткен.*

*Саған жалғыз сенгенде,
Барын салған өмірде.
Өмір бойы ақыл берер,
Жолың болар әр кезде.*

*Жолың нұрлы, сөзің дана,
Жүрекке жетер сөзің таза.
Таң нұрымен бір тұнғандай,
Сенсіз өмір мұң тынғандай.*

*Сен деп соғар әрбір үміт,
Сен деп жылар көңіл, жүрек.
Ана — биік тағдыр шыңы,
Саған ешкім тең келмейді.*



Мектеп директоры —
Торыбаев Ғалымжан Заханович



КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСПЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Қазақстан тарихында елінің болашағы үшін аянбай еңбек еткен тұлғалар аз емес. Солардың бірі — XX ғасырдың орта тұсында саяси аренада жарқырай көрінген Жұмабек Тәшенев.

Қазақ халқының біртуар перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері Ж. Тәшенев ел тұтастығы мен ұлттық мүддені қорғау жолында күресті.

Жұмабек Тәшенев — Қазақстанның саяси тарихында ерекше орын алатын қайраткер. Ол 1950-1960 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы қызметтерін атқарды. Ол Кеңес Одағы басшылығының Қазақстанның солтүстік өңірлерін Ресейге беру туралы ұсынысына батыл қарсы шығып, қазақ жерінің тұтастығын сақтауға айрықша үлес қосты.

Оның саяси ұстанымдары мен ерліктері Қазақстанның тәуелсіздік алуына ықпал еткен маңызды тарихи оқиғалардың бірі ретінде сипатталады. А.Тәшеневтің тағылымы бүгінгі ұрпақ үшін ұлттық рух пен патриотизмнің айқын үлгісі ретінде бағаланады.

Кеңес билігі 1960 жылы Қазақстанның солтүстік облыстарын Ресейге беру мәселесін көтергенде, Жұмабек Тәшенев Мәскеудің шешіміне ашық қарсылық білдіріп, Қазақстанның шекарасының өзгеруіне жол бермеді. Оның бұл әрекеті республика басшылығының арасында да үлкен дүрбелең туғызды. Бірақ ол қайсарлық танытып, қазақ жерінің біртұтастығын қорғауда айрықша рөл атқарды.

Бұл тарихи оқиға Қазақстанның тәуелсіздігі жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды. Егер сол кезде Тәшенев және оның жақтастары батылдық танытпағанда, бүгінгі Қазақстанның шекарасы мүлдем басқаша болуы мүмкін еді.





31 мая — День памяти жертв политических репрессий

АСТАНА, Sputnik. 31 мая Казахстан отмечает День памяти жертв политических репрессий.

Это официальная памятная дата, утвержденная указом первого президента страны в 1997 году.

В 20-е и 30-е годы в КазССР, как и в ряде других регионах Советского Союза — в особенности на Украине и в Поволжье — был сильный голод, унесший тысячи жизней.

Политическим репрессиям подверглось огромное количество людей — граждан бывшего Советского Союза. С 1921 по 1954 год общее количество осужденных по политическим статьям по всему Союзу составило 3,7 млн человек. Из них к высшей мере наказания было приговорено 642 тысячи — впрочем, многим наказание впоследствии было заменено.

В эти годы были в КазССР были расстреляны Турар Рыскулов, Алихан Бокееханов, Беимбет Майлин,

Магжан Жумабаев, Ахмет Байтурсынов, Абдулла Розыбакиев, Магази Масанчи, Ильяс Жансугуров, Сакен Сейфуллин, Санжар Асфендияров, Халел Досмуханбетов, Жаханша Досмуханбетов и многие другие.

За годы репрессий в Казахстан сослали свыше 5 миллионов человек: сюда в преддверии Великой Отечественной войны были депортированы 800 тысяч немцев, 102 тысячи поляков, 19 тысяч корейских семей, 507 тысяч представителей народов Северного Кавказа, а также крымские татары, турки, греки, калмыки и многие другие.

Всего на территории Казахстана работали 11 учреждений системы Главного управления лагерей и мест заключения (ГУЛАГ): Акмолинский лагерь жен изменников родины (АЛЖИР), Карагандинский исправительно-трудовой лагерь (Карлаг), Даль-



ний, Степной, Песчаный, Камышлаг, Актюбинский, Джезказганлаг, Петропавловский, лагерь Кингир и Усть-Каменогорский.

Также приказом НКВД были осуждены члены семей репрессированных. Для жен, сестер и матерей репрессированных были созданы специальные лагеря.

Спустя много лет КАРЛАГ и АЛЖИР по инициативе первого президента Казах-

стана были превращены в исторические мемориальные комплексы, которые свидетельствуют об антигуманном характере тоталитаризма.

С обретением независимости Казахстана была начата работа по реабилитации жертв политических репрессий. Одним из первых законов, принятых в независимой республике, стал закон «О реабилитации жертв массовых политических репрессий» от 14 апреля 1993 года.

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні



Ерланқызы Акжан,
Түркістан облыстық тарихи-
өлкетану музейінің экскурсия
жетекшісі

Алаш партиясының құрылуы және ұлт зиялылары

XX ғасырдың басы – қазақ халқы үшін тарихи бұрылыстарға толы кезең. Ресей империясының отарлық езгісінен қажыған, ұлттық бірегейлігін сақтап қалуға тырысқан қазақ халқының арман-мүдделері Алаш қозғалысы аясында шоғырланды. Бұл қозғалыс тек саяси партия құрумен шектелмей, ұлттың рухани жаңғыруында символына айналды. Алаш партиясы мен оның маңына топтасқан зиялылар – қазақ тарихының алтын парақтарын жазған тұлғалар. Алаш партиясы 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бірінші бүкілодақтық съездің шешіміне байланысты құрылған еді. Бұл съезге Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан делегаттар қатысқан. Съезде қаралған 14 мәселенің ішіндегі ерекше маңыздысы қазақ қоғамының сол кездегі алдында тұрған мақсаттарына сәйкес қазақтың дербес саяси партиясын құру болатын. Бұл мәселені талқылау барысында съезд іс жүзінде партияны ұйымдастыруға арналған Құрылтай Жиналысына айналады.

Жаңадан құрылған партия қазақ атауының синонимі «Алаш» деген атқа ие болды. 1917 жылдың 21 қараша күні «Қазақ» газетінде Алаш партиясы бағдарламасының жобасы және съез материалдары жарияланды. «Алаш» партиясының өмірге келуі үлкен саяси мәселе еді. Сол кездегі қазақ зиялыларының ғылыми жұмыстарымен де, оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару әрекетімен де, көркем әдебиетімен де айналысқанын көруге болады.

«Алаш» партиясы бағдарламасының жобасындағы тоғызыншы тарауда «Ғылым-білім үйрету» жөнінде

- оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық, ақысыз болуы;
- жұртқа жалпы оқу жайлы; бастауыш мектептер ана тілінде оқылады;
- қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуға;
- оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы;
- үкімет оқу ісіне кіріспеуі;
- мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы;
- ел ішінде кітапханалар ашы

лу туралы айтылады.

- газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік – деп көрсетілген.

Қазақ зиялылары саяси еркіндік пен ұлттық автономияны мақсат етіп, заманауи саяси қозғалысқа бастамашы болды. Алаш партиясының басты мақсаты – қазақ елінің тәуелсіздігін, теңдігін қамтамасыз ету, демократиялық қоғам орнату болды.

Партия бағдарламасында халық билігі, сөз және баспасөз еркіндігі, сот тәуелсіздігі, оқу-ағарту, дін бостандығы сынды принциптер қамтылды. Бұл – сол кездегі еуропалық демократиялық партиялар деңгейінде жасалған саяси бағдарлама еді.

Алаш қозғалысының негізін қалаған ұлт зиялылары – Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Жаханша Досмұхамедұлы, Халел Ғаббасов, Мұстафа Шоқай сынды тұлғалар. Олар өз дәуірінің білімді, саяси сауатты, ұлтшыл азаматтары еді. Петербор, Қазан, Мәскеу секілді ірі қалаларда білім алған бұл азаматтар қазақ даласының өркениетті болашағы үшін аянбай еңбек етті.

Ұлт зиялылары қазақ тілінде мерзімді басылымдар шығарып, ұлттық мектептердің ашылуына мұрындық болды. Олардың еңбегі тек саяси деңгейде ғана емес, мәдени, рухани салаларда да үлкен өзгерістерге әкелді. Алаштың жетекшісі Әлихан Бөкейханның сөзімен айтқанда, «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден».

Бұл мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы саяси және әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде пайда болған Алаш партиясының құрылуы мен оның жетекші зиялыларының рөлі қарастырылады. Мақалада партияның құрылу себептері, мақсаттары, бағдарламасы және оның жетекші тұлғаларының қызметі талданады. Алаш қозғалысының тарихи маңызы мен қазіргі Қазақстан қоғамындағы орнына назарға алынады.

XX ғасырдың басы қазақ халқы үшін тарихи өзгерістер мен жаңғыру кезеңі болды. Ресей империясының отарлық саясатына қарсы тұру, ұлттық мүддені қорғау және тәуелсіздікке ұмтылу мақсатында қазақ зиялылары бірігіп, саяси қозғалыс



Әлихан Бөкейхан (1866–1937) — Алаш партиясының жетекшісі, көрнекті қоғам қайраткері, публицист. Ол Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты болып сайланып, қазақ халқының мүддесін қорғады. Әлихан Бөкейхан Алаш автономиясының құрылуына үлкен үлес қосты.

құрды. Осы қозғалыстың нәтижесінде 1917 жылы Алаш партиясы құрылды. Бұл партияның құрылуы мен оның жетекші зиялыларының қызметі қазақ қоғамының саяси және мәдени дамуына үлкен әсер етті.

Алаш партиясының құрылу себептері.

Алаш партиясының құрылуына бірнеше себептер әсер етті:

Отарлық саясатқа қарсы тұру: Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясаты, жер мәселесі, тіл мен дінге қысым көрсету қазақ зиялыларын бірігуге итермеледі.

Ұлттық автономияға ұмтылу: Қазақ халқының өзін-өзі басқару құқығын алу, ұлттық автономия құру идеясы партияның басты мақсаттарының бірі болды.

Білім және мәдениетті дамыту:

Қазақ қоғамында білім беру, мәдениет пен ғылымды дамыту қажеттілігі партияның бағдарламасында көрініс тапты.



Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1937) — қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ағартушы, публицист. Ол қазақ әліпбиін жасап, "Қазақ" газетін шығарды. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері қазақ халқының рухани дамуына зор ықпал етті.

АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алаш партиясының бағдарламасы 1917 жылы жарияланды және онда келесі мәселелер қамтылды:

Мемлекеттік құрылым: Демократиялық республика орнату, биліктің халыққа тиесілі болуы.

Ұлттық автономия: Қазақ халқының ұлттық автономиясын құру.

Жер мәселесі: Жердің халыққа тиесілі болуы, жерді сатуға тыйым салу.

Білім беру: Халыққа білім беру жүйесін дамыту, ана тілінде оқыту.

Дін мәселесі: Дін бостандығын қамтамасыз ету.

Алаш қозғалысы қазақ халқының саяси және рухани оянуына зор серпін берді. Алаш партиясының құрылуы сол уақыттағы қоғамдық-саяси жағдайға, яғни Ресей империясының әлсіреуі мен империя құрамындағы халықтардың азаттыққа ұмтылуына тікелей байланысты. Бұл партияның құрылуы — қазақ зиялыларының ұйымдасқан саяси күшке айналғанының айғағы. Алаш партиясы арқылы ұлт зиялылары ел болашағына қатысты нақты бағдарлама ұсынып, ұлт-

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Алаш партиясының құрылуы және ұлт зиялылары

Ерланқызы Акжан,
Түркістан облыстық тарихи-
өлкетану музейінің экскурсия
жетекшісі



Міржақып Дулатов (1885–1935) — жазушы, публицист, қоғам қайраткері. Ол "Оян, қазақ!" атты еңбегінде халықты білім алуға, оянуға шақырды, Алаш қозғалысының белсенді мүшесі болды.



Жаханша Досмұхамедұлы (1887–1938) — заңгер, Алаш Орда үкіметінің батыс бөлімшесінің төрағасы. Ол қазақ халқының құқықтық мәселелерін шешуге атсалысты.



Халел Досмұхамедұлы (1883–1939) — дәрігер, ғалым, ағартушы. Ол медицина, биология салаларында еңбек етіп, қазақ тілінде оқулықтар жазды. Халел Досмұхамедұлы Алаш қозғалысының білім және ғылым саласындағы жетекшісі болды.



Мұстафа Шоқай (1890–1941) — Түркістан автономиясының жетекшісі, эмиграцияда жүргенде Түркістанның тәуелсіздігі үшін күресті. Ол шетелде "Яш Түркістан" журналын шығарып, түркі халықтарының бірлігі мен тәуелсіздігі идеясын насихаттады.

тың саяси санасын қалыптастыру жолында елеулі еңбек етті. Партия өз қызметін бастамас бұрын, қазақ зиялыларының басым көпшілігі әр өңірде ұлттық мәселелерге қатысты баспасөз беттерінде пікір білдіріп, ағартушылық жұмыстар жүргізіп жүрді. Бұл тұлғалар білімнің, ғылымның, өнер мен мәдениеттің, заң мен құқықтың маңызын терең түсінді және қазақ халқының отарлық езгіден шығуы үшін ең алдымен саяси сана мен ұлттық бірлік қажет екенін ұғынды. Алаш қозғалысы осы ұстанымдарды нақты іске асыру жолындағы әрекетке айналды.

Партияның негізін қалаушылардың бірі — Әлихан Бөкейхан, оның тұлғалық болмысы мен саяси көзқарасы бүкіл қозғалыстың мазмұнына нықтап берді деуге болады. Әлихан өз заманының заманауи білімін игерген, патша өкіметінде, кейінгі уақыттағы кеңестік жүйенің де осал тұстарын көре білген саясаткер болды. Ол өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ халқының дербестігі мен теңдігі жолындағы күреске арнады. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов үшеуі — «Алаштың үш арысы» атанған, олар тек саяси ғана емес, рухани көшбасшы ретінде де ұлт санасына терең әсер етті.

Алаш зиялыларының тағы бір ерекшелігі — олардың бәрі де жан-жақты білімді, бірнеше тілді меңгерген, өз заманындағы Еуропа мен Ресей ойшылдарының еңбектерімен таныс, ұлттық мүдде тұрғысынан ойлай білетін тұлғалар еді. Олар қазақ халқының рухани құндылықтарын, дінін, тілін, дәстүрін сақтап қалу үшін күресті. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жазуын реформалап, тілді жүйелеп, грамматикалық еңбектер жазды. Ол тілдің — ұлттың жаны екенін айтып, қазақ тілінің ғылыми негізін қалады.

Міржақып Дулатов болса, әдебиет пен публицистика арқылы саяси ой таратты. Оның «Оян, қазақ!» атты еңбегі — тек поэзиялық жинақ емес, халықты сілкіндіретін, оятатын ұран болды. Бұл кітапта автор елді намыс пен рухқа шақырып, халықты надандық пен бағыныштылық күйден арылуға үндеді.

Алаш зиялыларының ішінде заңгерлер мен дәрігерлер де болды. Жаханша және Халел Досмұхамедұлы — білім мен ғылымның мемлекет құруда шешуші рөл атқаратынын дәлелдеген тұлғалар. Олар Алаш Орда үкіметінің батыс бөлігінде әскери құрылым құрып, жергілікті билік жүйесін ұйымдастыруға атсалысты.

Сонымен қатар, олар қазақ бала

лары үшін мектептер ашып, қазақ тілінде оқулықтар жазуға үлкен үлес қосты. Халел Досмұхамедұлының медицина және биология саласындағы еңбектері қазіргі ғылым үшін де маңызды.

Алаш зиялыларының бірі, әрі кеңестік идеологияға қарсы күресті эмиграцияда жалғастырған тұлға — Мұстафа Шоқай. Оның өмірі қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылуының символына айналды. Мұстафа Шоқай эмиграцияда жүрсе де, Түркістан халықтарының бірлігі мен азаттығы үшін күресті тоқтатпады. Ол Еуропадағы ірі басылымдарда мақалалар жариялап, әлемдік қауымдастықты түркі халықтарының жағдайынан хабардар етуге тырысты.

Алаш зиялыларының барлығы да өз өмірлерін ұлтына қызмет етуге арнаған нағыз патриоттар еді. Олар материалдық байлықпен мансапты емес, ұлт болашағын ойлап, күрес жолын таңдады. Кеңестік жүйе оларды қуғындап, «ұлтшылдар», «буржуазияшыл интеллигенция» деп жала жапты. Бірақ олар армандаған ұлттық тәуелсіздік идеясы кейінгі ұрпаққа үлгі болып, Тәуелсіз Қазақстанның негізіне айналды.

Бүгін де Алаш идеясы тек тарих беттерінде ғана емес, қазіргі ұрпақтың санасында да қайта жаңғырып жатыр. Алаш зиялылары армандаған білімді, біртұтас, егемен ел болу идеясы — қазіргі Қазақстан дамуының басты бағдарларының бірі. Олар жазып қалдырған еңбектер, айтқан ойлар, көтерген мәселелер — әлі де өзектілігін жоймаған құндылықтар.

Алаш партиясы мен оның жетекшілері ұлттың саяси тарихында үлкен із қалдырды. Олар өз заманының шеңберінен шығып, болашақтың негізін қалады. Сол себепті де олардың есімдерін, еңбектерін ұмытпай, жаңа ұрпаққа жеткізу — бүгінгі күннің міндеті.

Алаш қозғалысы — бұл тек саяси ұйым емес, ұлттың жан дауысы, ар-ұяты мен рухының жаңғыруы. Алаш зиялылары заманының жәй ғана қызметшілері емес, ұлы идеялардың тұлғалануына айналған парасат иелері болды. Олар үшін мемлекет — тек басқару құрылымы емес, ол — тілімен, дінімен, дәстүрімен, тарихымен тұтасқан халықтың киелі мекені. Сондықтан Алаш идеясының мәнін түсіну үшін оны саяси оқиға ретінде емес, ұлттық сана-сезімнің, рухани ұмтылыс

Адамның адамшылдығы... жақсы ұстаздан болады. (Абай Құнанбаев)

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні



Ерланқызы Акжан,
Түркістан облыстық тарихи-
өлкетану музейінің экскурсия
жетекшісі

Алаш партиясының құрылуы және ұлт зиялылары

тың көрінісі ретінде қарау қажет.

Алаш зиялылары тарих сахнасына шыққанда қазақ қоғамы ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өркениеттен отарлық-аграрлық жүйеге өтіп, өзіндік бағыт-бағдарын жоғалту қаупінде тұрған. Дәл осы өтпелі дәуір — парасатты, саналы, білімді көшбасшыларды қажет етті. Алаш ұраны — халықтың ен жарлығынан оянуына, мәңгірттіктен арылуына шақырған сілкініс еді. Олар «халық» деген ұғымды тек этникалық бірлік ретінде емес, өзін-өзі билеуге құқылы тарихи субъект ретінде қарастырды.

Алаш идеологтары Еуропа ағартушыларының, орыс революционерлерінің еңбектерін терең меңгеріп, солардың тәжірибесін қазақ топырағына бейімдеді. Олар Француз революциясының «бостандық, теңдік, бауырмалдық» қағидаларын қазақы болмыспен ұштастырып, жер мен тіл мәселесін ұлттық қауіпсіздік мәселесі деңгейіне дейін көтерді. Әлихан Бөкейханның: **«Автономиясыз ел — жетім бала»** деген сөзі олардың саяси ұстанымын түйіндейді.

Зиялылар үшін білім — билікке апарар жол ғана емес, рухани жаңғырудың басты құралы болды. Олар ескі медреселік оқуды сынға алып, жаңа, зайырлы оқу жүйесін қолдады. Бұл орайда олардың педагогика, психология, тілтану, әдебиеттану салаларында қалдырған мұралары — бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған баға жетпес қазына. Ахмет Байтұрсынұлының **«Тіл — адамның адамдық белгісінің зоры»** деген сөзі — олардың рухани тұжырымдарының түйіні.

Алаш қозғалысының ерекше бір қыры — оның көпвекторлы сипаты. Олар тек қазақ ұлтының мәселесін көтеріп қана қоймай, бүкіл Түркістан, бүкіл мұсылман жұртының да болашағын ойлады. Бұл Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы қызметінен анық көрінеді. Ол **«Түркістан — түркілердің алтын бесігі»** деп, түркі бірлігін саяси идеядан гөрі өркениеттік миссия ретінде ұсынды. Оның күресі — бір ұлттың ғана емес, тұтас Шығыс өркениетінің өз орнын табуына бағытталған болатын.

Алаш зиялыларының өмір жолында трагедия мен үміт қатар өрілді. Кеңестік қуғын-сүргін олардың денін жұтып жіберді, бірақ рухын жоя алмады. Алаш идеясы — тасты жарып шыққан гүлдей, тоталитарлық жүйе тұсында да жоғалмады. Олардың шығармалары, идеялары жасырын түрде халық арасына тарап, ұлттық сананың отын сөндірмей отырды. Тіпті кеңестік жылдарыда «Алаш» сөзі айтылмаса да, оның рухы жасырын насихатталып отырды.

Алаш зиялылары тарих сахнасынан кетсе де, олардың ұстанымдары — қазақ мемлекетінің идеялық іргетасына айналды. Тәуелсіз Қазақстан — сол идеялардың жемісі, жалғасы. Бүгінгі рухани жаңғыру мен ұлттық бірегейлік мәселелеріде Алаш идеялары мен үндесіп жатыр. Тәуелсіздікті сақтау, жерге ие болу, тілді қорғау, білім мен ғылымды дамыту — бәрі де Алаш заманынан келе жатқан аманаттар.

Олар бізге «қалай өмір сүру керек?» деген сұрақтан бұрын, «қалайша ұлт болып қаламыз?»

деген мәселені мұра етіп қалдырды. Бұл сұрақ әлі де өзекті. Алаш зиялылары — көкжиекті көре білетін көрегендер еді. Олар уақытты ғана емес, кеңістікті де басқарды. Қазіргі қоғамның басты парызы — сол аманатқа адал болу, сол рухты жаңғырту.

Алаш қозғалысы мен оның ұлы тұлғалары қазақ халқының ХХ ғасырдағы тарихи тағдырына түбегейлі өзгеріс әкелген, ұлттық болмысты қайта жаңғыртқан ұлы жаңғырудың бастауы болды. Бұл қозғалыс — бір ғана саяси партияның құрылуынан әлде қайда кең ұғым. Алаш — бұл ұлттың өзін-өзі тануының, өзінің түп-тамыры мен тағдырына терең бойлауының, болашағына көз тіккен биік өркениеттік ұмтылыстың символы.

Алаш зиялылары — өз дәуірінің интеллектуалдық элитасы. Олар жан-жақты білім алған, әлемдік ой-санаға қанық, өз халқының тілін, дінін, дәстүрін жан-тәнімен сүйген азаматтар еді. Олардың әрқайсысы — бір-бірімен теп, әр сөзі — ұлт үшін жазылған тарихи өсиет. Әлиханның саяси кемеңгерлігі, Ахметтің тілге сіңірген қызметі, Міржақыптың әдеби мұрасы, Мұстафаның жанандық деңгейдегі күресі — бәрі-бәрі осы бір ұлы қозғалыстың шынайы тереңдігін көрсетеді.

Алаш зиялыларының тарихтағы ролін қарапайым саяси күреспен шектеп қою — олардың еңбегін кеміту болар еді. Олар ұлтты тек саясатпен емес, біліммен, ғылыммен, мәдениетпен жаңғыртты. Қазақтың сауатын ашып, мектептер салып, оқулықтар жазып, ұлттық баспасөзді жолға қойды. Олар үшін ұлтқа

қызмет ету — шен мен шекпен үшін емес, жүрек қалауы мен ар-ожданның дауысы болатын. Бұл — нағыз миссия, мәңгілік рухани серт.

Алаш идеясы — ұлттық мемлекет болу жолындағы ең алғашқы айқын тұғырнама. Алаш — бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның идеялық арқауы, рухани іргетасы. Бүгінгі егемен еліміздің әрбір жетістігі, әрбір даму кезеңі — сол арыстар армандаған биіктің бір белесі. Біз бүгін Алаш қайраткерлерін тек құрметпен еске алып қана қоймай, олардың идеяларын қайта тірілтіп, бүгінгі күннің талабына сай жаңғыртуымыз керек. Ұлттық тілдің, тарихи жадтың, ұлттық тәрбие мен мәдениеттің тағдыры — солар бастаған жолдың жалғасы. Алаш арманы — ұлттық дербестік, рухани кемелдік, әділетті қоғам — бұл идеялар ешқашан ескірмек емес. Егер біз Алаштың асыл мұрасын жас ұрпақтың санасына сіңіріп, оның тағылымын мемлекеттілік пен тәуелсіздік ілімінің негізі ретінде қарай білсек, еліміздің келешегі кемел болары сөзсіз. Алаш зиялылары — өткеннің көлеңкесі емес, болашақтың жарығы. Олар — ел болу үшін басын бәйгеге тіккен ардақтылар. Олар — уақытша билік үшін емес, мәңгілік ұлт үшін күрескендер.

Сондықтан Алашты тану — тарихты ғана емес, өзімізді тану. Алашты құрметтеу — өткенге тағзым ғана емес, болашақ алдындағы жауапкершілік. Ал Алаш идеясын іске асыру — мәңгілік ел болудың басты шарты. Өйткені Алаш — бұл тек сөз емес, рух. Бұл тек қозғалыс емес, құндылық. Бұл — қазақ болып қалудың киелі кілті.

ТРОЕЧНИКИ ОКАЗАЛИСЬ УСПЕШНЕЕ ОТЛИЧНИКОВ


Они лучше адаптируются к стрессовым ситуациям.

Троечники становятся успешнее отличники, уверяет клинический психолог Мариана Абрамитова, которую цитирует Пятый канал. По ее словам, те, кто учились хуже, могут лучше адаптироваться к стрессовым ситуациям.

Специалист пояснила, что еще за школьной партой они вырабатывают иммунитет к трудностям и учатся преодолевать их, исправляя плохие оценки.

Благодаря этому в более взрослом возрасте им легче реагировать на стрессовые ситуации и сохранять рассудок.

При этом, продолжила она, дети, от которых строго требуют идеальной успеваемости, всегда находятся в напряжении. «Они по жизни с большими страхами идут и меньшего добиваются», — отметила психолог.



Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз. (Сенека)



Досыбай Н. Ж., Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі, жұрышылықпен байланыс жөніндегі менеджер



Жандарбек М. Д., Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі, экспозициялық көрмелік қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі

1928-1937 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ЖАППАЙ КӘМПЕСКЕЛЕУДІҢ САЛДАРЫ

Тәуелсіздігімізді алып, егеменді ел болып жатқан кезде ұзақ жылдар бойы отаршылдықтың тұтқынына түскен санамыз қайта жанданып, даму үрдісін бастан өткізуде. Кеңес үкіметі кезіндегі айтылмаған, айтылуға тыйым салынған көптеген тарихы құнды деректерімізді зерттеуге бет бұрып жатырмыз. Соның бір жарқын көрінісі ретінде ұлттық демографиямызда орын алып отырған өзгерістерден айқын байқалады. Кейінгі жылдары қазақ халқының демографиялық мәліметтерді білуге деген қызығушылығы артып, қазақ ұлты өз жерінде қалай азшылыққа ұшырады деген сауалдар әркімді де ойландырады сөзсіз.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ Қазақстанда ХХ ғасыр ірі тарихи оқиғалармен ерекшеленеді. Өткен ғасырдың алғашқы жартысы – қазақ халқының өмірінде бетбұрысты кезең деп саналады. Әсіресе 20–30 жылдарындағы ашаршылық апаты немесе «Ұлы жұт» қазақ тарихының қасіретті беттерін айғақтайды. Зерттеуші ғалымдар осы мәселемен айналысып, Қазақстанда халқы бір ғасырда үш бірдей ашаршылықты бастан кешкен және оны үш кезеңге бөліп қарастырады:

- 1919 - 1922 жылдардағы аштық (1,5 млн адам)
- 1931 - 1933 жылдардағы аштық (2,5 млн адам)
- 1946 жылдары болған аштық.

Әрине, бірінші ашаршылық та сұмдық болды. Бірінші ашаршылық 1919–1922 жж. болған. Осы жылдары аштық кезінде 1,5 млн жуық адам шығыны болды. Ол көбінесе елдің оңтүстік аймақтарын қамтыды, нақ осы және басқа да деңгейде Қазақстанның барлық тұрғындары да зардап шекті. Екінші ашаршылық, әртүрлі мәліметтер бойынша, 1930-жылдарда 1,5 млн-нан 2,5 млн. адамға дейін болды. Ал, үшінші ашаршылық соғыстан кейінгі еліміздегі экономикалық ахуалдарға байланыты туындады. Бірақ та, бұл ашаршылық сол жылдары халықтан жасырын түрде ұстады. Осылайша, қазақтар іс жүзінде 15–20 жылдың ішінде халқының жартысына жуығынан айырылған. Әлемдік тарих мұндай кең ауқымды ашаршылықты білген емес. Сондықтан, осы қасіретті әрбір қазақ білуге міндетті және есте сақтап, ұмытпауымыз тиіс.

Қазақ жерінде ашаршылық салдарынан демографиялық ахуал күрт төмендеп кеткен болатын. Оның айқын көрінісі ретінде тарих беттерінде қалған 1931-1933 жылдары қазақ халқының басына төнген ең бір қасіретті «Ұлы жұт» кесірінен күні бүгінге дейін қазақ халқы өз жерінде демографиясы жағынан азшылыққа ұшырап отыр.

Батыстық немесе ресейлік ғалымдар ашаршылықтың болу себебі ауа райының қолайсыздығынан, құрғақшылық болып егіннің шықпай қалғанынан немесе жұқпалы аурулардың таралуынан деген сияқты асыра сілтеулерден іздейді. Ашаршылық кезінде қаншама қазақ қыршынынан қиылды. Оған дәлел мұрағат қойнауында сақталған көптеген ресми құжаттар. Ұлт зиялысы М. Тынышбаевтың есебі бойынша «Қазақстанда 1917 жылы 2 910 000 қазақ өмір сүрген болса, ал М. Г. Сириустың 1924 жылғы жүргізген санағы бойынша қазақ-

тар саны 1965 443 әрең жетіп жығылған» - деген мәліметтер көрсетілген. Ал, белгілі демограф-ғалым М. Тәтімовтің есептеуінше "1931–1933 жж. ашаршылық Қазақстанда өмір сүрген 2,5 млн адамның, соның ішінде 2,3 млн қазақтардың және 200 мың келімсектердің қайтыс

теулерінде қазақ халқының сан жағынан кему көрсеткішінде шамалы айырмашылықтар байқалады. Мәселен, А. Н. Алексеенконың мәліметтерінде 1939 жылғы қазақтың саны 2 млн 328 мың адам делінген.

Төмендегі кестеден көре аламыз (1 кесте):

1926 - 1939 жж. Қазақстанның халық саны

	1926 ж.		1939 ж.	
	Халық саны, мың адам	Үлес салмағы, %	Халық саны, мың адам	Үлес салмағы, %
Жалпыхалық саны	6 230	100	6 395	100
Қазақтар	3 628	58,2	2 328	36,4
Орыстар	1 275	20,5	2 636	41,2
Украиндар	860	13,8	677	10,6
Немістер	59	1,0	85	1,3
Басқа ұлттар	408	6,5	669	10,5

болғаны анықталды. Отырықшы келімсектер арасында аштықтан өлгендер 10%-ға жетсе, көшпенді қазақтар арасында бұл көрсеткіш 52–53%-н асып кеткен. Осыдан 17–18% жергілікті тұрғындардың Қазақстаннан біржола көшіп кеткен"-деген мәліметтерді есепке алсақ, қазақ халқының саны өз жерінде осы кезеңде 70% дейін кемігені көрінеді. Бұл деректер осыған дейін жарияланған мәліметтердің орташа есебімен сәйкес келеді. Тағы бір естелігінде ағамыз М. Тәтімов: «1879, 1926, 1939 жылдардағы халық санағының нәтижелері жөніндегі мәліметтерді қолға түсіріргенмін. Көзімнің жеткені – 1939 жылғы санақта қазақ халқының санын айтарлықтай асырып жазғандығын аңғардым. Сонда, озбыр саясат «орыс емес» ұлттарды аяусыз қырып-жойғандығын жасырып қалғысы келген», - деп пайымдаған болатын.

1879 жылғы санақта қазақтар 5 млн. болса, арада 42 жыл өткен соң 1939 жылғы санақта қазақтар 2 млн. 300 мың болды. Яғни екі есе азайды. Осыған қарап отырып, 42 жылда қазақтар азамат соғысы, байларды кәмпескелеу, жаппай колхоздастыру, 1932–33 жылдардағы аштық, 1937–38 жылдардағы репрессия салдарынан миллиондаған адамынан айрылған деуге әбден болады. Осы екі санақ арасында орыстар – 30, өзбектер – 24, қырғыздар – 16 пайызға көбейсе, қазақтар – 22 пайызға, украиндықтар – 21 пайызға кеміген.

Көптеген мұрағат деректері мен жарияланған материалдары негізінде ауыл тұрғындарының негізгі даму бағыттары анықталады. Сол сияқты 1920–1930 жылдардағы ашаршылық және оның демографиялық зардаптары, жаппай қоныс аудару, көші-қон, 1930-1940 жылдардағы қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың жер аударылуы мәселелер қарастырылған.

Яғни, бұл ғалымның зерттеуі бойынша әртүрлі есептеулер мен түзетулерге сүйенгенде, 1930-шы жылдарғы қазақ халқының аштан қырылуы 1 миллион 840 мың немесе қазақтың 47,3 пайызы құрайды. Бүкілодақтық халық санақтары бойынша әртүрлі авторлардың зерт-

XX ғасырдың 30-жылдар басында өткерген сол бір нәубет ашаршылықты жасаған, жаппай ұжымдастыру идеологиясының негізін салушы, сонымен қатар Қазақстандағы «Кіші Қазан» төңкерісінің негіздеушісі, Сталиннің ұртоқпағы – Ф. Голощекин болатын. Голощекиннің келе сала қолға алған ісі – жаппай кеңестендіру жүйесін енгізіп, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын өзгертуге бағытталған идеясы. Күштеп ұжымдастыру тәсілдері астық, ет дайындау науқанын көп мөлшерде орындау қажеттігіне қарамастан, қазақ көшпелі өмір салтын отырықшыға айналдыру стратегиясы 1929 жылдан бастап Қоныстандыру басқармасының әзірлеген шаралары негізінде жүзеге асырыла бастады. Ауылшаруашылық өнімдерін күштеп дайындау жоспарына қазақ қоғамы кеңестендіру саясатына мойынсұна қоймады, себебі ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі халықтың ұлттық дәстүрлі шаруашылығы жаңа таптық жүйені жылдам қабылдауға дайын емес еді.

Досыбайұлы Жұман 1889 жылы қазіргі Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Ақжол елді-меке-нінде дүниесігін ашқан. XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырдың бас кезінде, Патша өкіметінің отарлау саясаты мен, кеңес өкіметінің сұрқия саясатының қиыншылығын басынан өткізіп, 1914-1918 жылдардағы бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы Ұлт азаттық көтерілістің қиыншылығын көріп, 1931-1933 жылдардағы жаппай белең алған ашаршылық пен қанды қырғын мен 1937-1938 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін жылдарында отбасын аман алып қалу жолында, қазіргі Өзбекстан жеріндегі Ташкент облысына қоныс аударып, 1942 жылы ағамыз өзінің кіндік қаны тамған жеріне қайта оралған болатын. Досыбай Жұман өз құжатын жоғалтып алыпты, Әжем бізді аштықтан аман алып алған, Сенің Атаң деп айтқан сөздері әлі есімде, мен Әжемнің баласы болып өскенмін, үйдің үлкені болған соң, біздің көршіміздегі барлық молдалар мен басы байлы туысқан аталарың Намазын көпшіліктен тығылып, жер төледе оқитын, егерде көршілер көріп қойса айтып қоймасын деп, 1931

1928-1937 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ЖАППАЙ КӘМПЕСКЕЛЕУДІҢ САЛДАРЫ

Досыбай Н. Ж., Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі, жұрышылықпен байланыс жөніндегі менеджер

Жандарбек М. Д., Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі, экспозициялық көрмелік қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі

жылы бізді Өзбекстанға Ташкентке көшіріп алып кеткен, сол жақта бағбан болып, сауда жасап, бізді аштықтан аман алып қалған. Біз 1942 жылы қайтып елімізге көшіп келгенбіз. Менің үлкен қызым 1942 жылғы деп айтып отыратын, ал менің Нағашыларым Арқалықтан ол жақта бізден көп 1931-1937 жылдары Қазақтар көп қырылған. Торғай, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола жерінде қазақ-тардың саны күр азайып, шет ауып кеткен екен.



Қазақстандық тарихшы А. Н. Алексеенконың еңбектері Қазақстандағы ауыл тұрғындарының табиғи және көші-қон қозғалысын, халық саны-ның өсу динамикасы және оның ұлттық құрамын зерттеуге арналған.

1939-1945 жылдары аралығында бүкіл дүние-жүзін дүрліктірген екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында, қиыншылықты бастан өткізіп, 1942 жылы өзінің туып-өскен отанына, кіндік қаны тамған жеріне қайта оралып, тылда жұмыс атқарған болатын. 1942 жылы Ұлы отан соғысының қиын-қыстау кезінде, тылда жұмыс атқарып, 1954-1957 жылдардағы тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде аянбай еңбек еткен, атамыз Досыбайұлы Жұманның бізге қалдырған аманат қаруының жартысын, осы Түркістан облысы өлкетану мұражайына тап-сырғалы ортырмын. Ұлы отан соғысы жылдарында тылда жұмыс атқарғанда берілген кеңестік қорғаныс әскерінің қаруын көрмеге сыйға тартып отырғаныма мен жеке өзім қуаныштымын. Мен Досыбайұлы Жұманның немересі, тарихшы, саясаттанушы магистр Досыбай Нұрлыбек Жолдасбекұлы.

Бұл тарихы жәдігер қарудың егесі Досыбайұлы Жұман атам 1976 жылы өмірден өтіп, Әжем Досыбай Ізте менің жеке сақтап қарауыма аманат етіп қалдырған. Осы жеке қарудың егесін естен шығармай аманатын Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырып отырмын. Немересі Досыбай Нұрлыбек Жолдасбекұлы атынан.

Бұл қару 1859 жылы кеңестік әскерлердің тапсырысы бойынша жасалған. Маған бұл қарудың жартысын, менің әжем Досыбай Ізет аман етіп тапсырған болатын. Мен жеке өз басым көпшілікке белгілі болысын деп, осы сіздердің мұражайларыңыздағы көрмеге беріп отырмын. Менің атам Досыбайұлы Жұман атамның қазақ халығы мен отбасы үшін жасаған ерлігін әр уақытта көпшілік қауымға айтып жүремін.

Атам Досыбайұлы Жұманның жеке қолына ұстаған қаруы фото-суретте жақсы көрсетілген. Мен бұл қаруды көзімнің қарашығындай сақтап, Шымкент қаласы Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейіне өтікізіп, осы қарудың түр-сипатын жазып, музей мекемесіне тапсырдым.

Қазақ елім шаттығымының белгісі

Тәуелсіздік бұл халқымының еншісі
Қаншама жыл қаншама күн өтседе
Ел басымыз бұл бостандық елшісі

Қазағым деп қазақ елін мақтайын
Тарихымды мен жүректе сақтайын
Аңыз тұнған тарихымның белгісін
Мен осылай жырмен жазып ақтайын

Қазақстан байтақ елім асқарым
Жарқырайды күнмен түнім аспаным
Байтақ жердің туын көкке көтерген
Тәуелсіздік ерік пен елдік дастаным

Еркіндік пен ерік берген халқыма
Бас иеміз сақтаған ата-салтына
Өтсе өмір өтсе тарих жазылып
Сөз айтамыз Қазақстан атына

Жырдан тұнған сырдан тұнған еліме
Біз арнаймыз Қазақстан жеріне
Бостандық пен ерік берген халқыма
Қонсын бақ құс өзенімен көліне

Осы сөзді арнап келем қалама
Нұрын шашқан кеңбайтақ елді далама
Желтоқсанның туын көкке көтерген
Жастарымды тарихым еске алама

Құтты болсын тәуелсіздік емін- еркін
Жеткізем мен халқыма сөздің көркін
Желтоқсанды қадір тұтып тұрған елге
Орындалсын әр қашанда берген сертін



Қорыта келгенде мамандардың айтуынша, ашаршылық басталған 1932 жылы туылған 10 қазақтың біреуі ғана аман қалып отырған. Халықтың жалпы қасіреті жадында сақталып қалған елін сүйген азаматтар Кеңестік биліктің қатаң бақылау саясатына қарамастан, тарихтың ащы шындығын болашаққа жеткізуге тырысып жатты. Әрбір қазақ шаңырағын шайқалатын ашаршылық тарихына қызығушылар саны жылдан-тижалға артып келеді. Себебі, ашаршылық қасіреті елдің жадынан ешқашан ұмытылған емес және ұмытылмайды. Ал, бүгінгі ұрпақ кеңестік дәуірдегі әлеуметтік тәжірибелер, адам құқықтарын таптау және осы сияқты келеңсіз құбылыстардың қайталанбауы үшін өткен тарихымызды білуі тиіс. Шын мәнінде, бүгінгі жастар ашаршылық тарихын білуі керек және оның құрбандарын ұмытпауы тиіс. Өткен тарихтың ақиқатын халыққа жеткізу арқылы оның сабақтарын әрқашан есте сақтауымыз керек.



Эркинжанова Д. – М. Әуезов атындағы ОҚЗУ-ң «Тарих-педагогика» факультетінің 2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Отарбаева Гүлжан Көбеевна



Анвар Исмаиловтың ғылыми мұрасы және оның тарихи маңызы

Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі ғылым мен білім, саяси ой мен ұлттық сана салаларында ерекше із қалдырған тұлғалардың бірі — тарих ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері Анвар Исмаиұлы Исмаилов (1938–2015 жж.). Оның өмірі мен қызметі — нағыз үлгі тұтарлық, күрделі де тағылымды жол. Бүгін Анвар ағамыздың өмірбаяны, әскери қызметі, ғылыми жетістіктері, қоғамдық-саяси белсенділігін, шәкірттер тәрбиелеудегі жан-жақты ролін оқырмандарға ұсынамыз.

Профессор Анвар Исмаилов 1957 жылы орта мектепті алтын медальмен аяқтап, өзінің бала күнгі арманы — әскери қызметке қадам жасайды. Сол жылы ол Рига қаласындағы жоғары әскери училищеге оқуға түсіп, өз білімқұмарлығы мен зеректігі арқылы оқытушылар мен курсанттар арасында бірден танымал болады. Курсант кезінде-ақ ол тек әскери пәндермен ғана емес, сонымен қатар дүниежүзілік тарих, геосаясат, әскери стратегия мен әлемдік мәдениет салаларына терең қызығушылық танытты. Бұл кең ауқымды білім кейінгі қызмет жолында оған үлкен көмек болды. 1962 жылы А. Исмаилов Байқоңыр ғарыш айлағында, 1968 жылы Семей ядролық полигонында қызмет атқарады. 1971–1973 жылдары Орта Азия әскери округінің штабы құрамында жауапты міндеттерді атқарды. 1973 жылы Мәскеудегі В. Ленин атындағы әскери-саяси академияның адъюнктурасына қабылданып, әскери-саяси білімін тереңдете түседі. 1984 жылы Мәскеуде жоғарғы әскери академияда біліктілікті арттыру курсы аяқтап, Түркістан әскери округі мен Ташкенттегі жоғары танк училищесінде идеологиялық және тәрбие жұмыстарын жүргізеді. Әскери мансабын полковник шенінде аяқтайды. Әскери қызметпен қатар, Исмаилов ғылыми ізденісті де үздіксіз жүргізді. 1989 жылы Мәскеуде тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін қорғап, 1990 жылы профессор атағына ие болды.

Оның ғылыми еңбектері Қазақстан тарихының түрлі аспектілерін қамтыды. Ол 200-ден астам ғылыми еңбек жазып, бірнеше монографиялар мен оқулықтар шығарды.

Анвар Исмаиловтың еңбектері.

1. «Оңтүстік Қазақстан тарихының беттері (1867–1917 жж.)» — бұл еңбек патша өкіметінің Түркістан өлкесіндегі отарлық саясатына, әкімшілік реформалары мен халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына арналған. Еңбектің нақты жазылған жылы көрсетілмесе де, бұл тақырып 2000-жылдары Анвар Исмаиловтың зерттеу бағы-

ты ретінде кеңінен қарастырылған. Жазылған кезеңі — 2000 жылдардың басы деп есептеледі.

2. «XIX–XX ғасырлардағы орыс зерттеулеріндегі Қазақстан» — бұл ғылыми зерттеуде Анвар Исмаилов Ресей империясы мен кеңестік кезеңдегі зерттеушілердің Қазақстан туралы жазбаларын сараптаған. Бұл еңбек 2000 жылдардың екінші жартысында жарық көрген.

3. «Халық мақтанышы» — бұл Оңтүстік Қазақстан өңірінен шыққан көрнекті тұлғалар мен олардың елге сіңірген еңбектері сипатталады. Жазылған уақыты 2000–2010 жылдар аралығы деп есептеледі.

4. «Тұрар Рысқұловтың тағдыры мен мұрасы» — бұл еңбекте Тұрар Рысқұловтың саяси қызметі, қайраткерлік жолы мен тарихи ролі баяндалған. Жазылған жылы нақты көрсетілмегенімен, 2000-жылдардың аяғы, яғни 2008–2010 жылдар шамасы болуы мүмкін.

5. «Соғыс және Жеңіс» — бұл еңбек 2010 жылы шыққан және онда Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан оңтүстік қазақстандықтардың ерліктері баяндалған.

Анвар Исмаиловтың тарихи зерттеулері ұлттық код пен ұлттық болмысты сақтаудың маңыздылығын терең қозғайды. 1991 жылы КСРО тараған соң, полковник Анвар Исмаилов елге оралып, өзінің бар білімін, тәжірибесі мен өмірлік көзқарасын жас ұрпақты тәрбиелеуге арнады. Ол Қазақ химия-технологиялық институтында (КазХТИ) «Қоғамдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып, оқу орнының тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры лауазымына дейін көтерілді. Бұл кезеңде ол оқу орнының ғылыми-интеллектуалдық әлеуетін арттыруға, жастардың патриоттық тәрбиесіне баса назар аударды. Одан кейінгі жылдары М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде қызмет ете жүріп, оның бастамасымен елімізде алғаш рет «**Халықаралық қатынастар**» мамандығы ашылды. Бұл бастама сол кезеңдегі елдің сыртқы саяси бетбұрысына сай келіп, халықаралық бағыттағы жаңа буынды қалыптастыруға үлкен үлес қосты. Ол осы мамандыққа арналған алғашқы оқулықтар

